

**Алакөл ауданында қылмыстық атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 қазандағы N 10-302 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 22 қарашада N 2-5-162 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 16.04.2021 № 99 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2012.10.29 N 10-375 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік құқығына қарамастан, Алакөл ауданының ұйымдары мен мекемелерінде, қылмыстық атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бес пайыз мөлшерінде, жұмыс орындарына квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2012.10.29 N 10-375 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Салтанат Дәулетханқызы Меңлібаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Жақанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК